

**6D011000 – «Физика» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Ерженбек Булбулдың «Орта мектеп физика курсында энергияны сабақтастық негізінде оқытудың әдістемелік ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

**П І К І Р І**

Ерженбек Булбулдың диссертациялық жұмысы орта мектеп физика курсында энергияны сабақтастық негізінде оқыту әдістемесін жасауға және оны оқу процесіне енгізуге арналған. Б.Ерженбектің зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектерге жасаған талдауы және орта мектеп физика курсында энергияны оқытуда сабақтастықты жүзеге асыру әдістемесін қайта қарастыру мәселелерін зерттеу нәтижесінде анықталған қарама-қайшылықтар зерттеу жұмысы тақырыбының өзекті екенін көрсетеді. Осыған орай, Ерженбек Булбул орта мектеп физика курсында энергияны оқытуда сабақтастықты жүзеге асыру үшін, мұғалім ең алдымен сабақтастықты жүзеге асырудың кезеңдері мен жолдарын білуі керек деп, -есептейді. Осыған сәйкес, Б.Ерженбек диссертациялық жұмыста орта мектеп физика курсында энергияны оқытуда сабақтастықты жүзеге асыру кезеңдері мен жолдарын ескере отырып, энергияны сабақтастық негізінде оқытудың әдістемесін көрсеткен.

Ерженбек Булбул өзінің диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижесінде келесі ғылыми-педагогикалық нәтижелерге қол жеткізді:

- орта мектептің физика курсындағы энергия ұғымының мазмұны, оның практикалық маңызы және сыныптар арасындағы пәнішілік сабақтастығы айқындалды;

- орта мектеп оқушыларына энергияны оқытуда сабақтастық принципін жүзеге асырудың кезеңдері айқындалды;

- орта мектеп оқушыларына энергияны оқытуда сабақтастық принципін жүзеге асырудың жолдары айқындалды;

- орта мектеп физика курсында энергияны сабақтастық негізінде оқытудың әдістемесі жасалды.

Зерттеу жұмысында психологиялық-педагогикалық зерттеудің теориялық және эксперименттік әдістері қолданылып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі мен ғылыми болжамның дұрыстығын анықтау мақсатында өлшеу рангілік шкалада эксперименттер жүргізіліп, алынған нәтижелер математикалық өңдеуден өткізілді. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері Алматы қаласындағы №108 жалпы білім беретін мектебіне, №72 жалпы білім беретін мектепке, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелен қаласы, Абай атындағы орта мектеп гимназиясына, Алматы облысы, Қарасай ауданы М.Әуезов атындағы орта мектебіне енгізілген.

Докторанттың орта мектеп физика курсында энергияны сабақтастық негізінде оқыту әдістемесінің барлық құраушы элементтері қалыптастыру экспериментінің барысында жүзеге асырылды. Педагогикалық эксперимент

барысында докторант теориялық және практикалық маңыздылыққа ие болатын келесі нәтижелерге қол жеткізді:

- энергияның мектеп физика курсы бөлімдеріндегі және сыныптар арасындағы пәнішілік сабақтастығы айқындалды;
- орта мектепте энергияны оқытуда сабақтастықты жүзеге асырудың кезеңдері мен жолдары айқындалды;
- орта мектепте энергияны оқытуда сабақтастықты жүзеге асыруға бағытталған жаттығулар жүйесі мен эксперименттік тапсырмалар әзірленді;
- 7-сынып физикасы бойынша әдістемелік нұсқау шығарылды және оқу процесіне енгізілді.

Диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан құрылымдық логикаға сай жазылған. Докторанттың зерттеу жұмысы талаптарға сай рәсімделген.

Ерженбек Булбулдың ғылыми жариялынымдары Scopus мәліметтер қорына енген шетел басылымында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтасыз ету комитеті тізіміндегі журналдарда, шетелдегі, республикадағы халықаралық конференцияларда жарияланған.

Докторанттың қорғауға ұсынып отырған зерттеу нәтижелері ғылыми негізделген және эксперименттік тұрғыда расталған деп айтуға болады. «Орта мектеп физика курсында энергияны сабақтастық негізінде оқытудың әдістемелік ерекшеліктері» тақырыбы бойынша дайындалған ғылыми жұмыс аяқталған, ғылыми әдістемелік қолданысқа ие және диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толықтай жауап береді, қорғауға жіберуге болады. Осыған байланысты Ерженбек Булбулдың дайындаған диссертациялық жұмысы «6D011000 – Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші**  
**Абай атындағы ҚазҰПУ,**  
**педагогика ғылымдарының**  
**кандидаты, аға оқытушы**



**Сыдыкова Ж.К.**